

Жолдасы Ә.Ершин өз естелігінде Аққағаз тұлғасын дәрігер ретінде де, ұстаз ретінде де әңгімелейді. Өз тілімен қоса басқа тілдерді де терең меңгергендігі сонша, әр сөзді анық айтып, жалғау мен екпінді шатастырмайтын. Қазақ тілінде мақалдатып сөйлегенде, біз аңырқап қалатынбыз. Яғни, Аққағаз Досжанованың өз заманындағы тіртуар тұңғыш жоғары білімді дәрігер, ақыл-парасатымен саяси істерге белсене араласқан, Алаш қайраткерлерінің зор құрметіне ие болғанын көрсетеді. Аққағаз ағасы Сағындық Досжановты сыйлап, ұстазы ретінде ерекше құрмет тұтқан. Алғашқы білім алған ұстазы ретінде жылы жүзін еске алып, сабаққа дұрыс дайындық жасамасам, құлағымнан тартып жазалайтын деп күліп отыратын. 1925 жылы отбасын құрып, 1926 жылы дүниеге Шахбаз деген ұлымыз келеді. Ол өз баламызбен қоса С.Досжановтың үш ұлын (Арон, Мухаммед, Әлімғазы) тәрбиелейді.

Ташкенттегі орта мектепті бітіріп, Мәскеуден жоғары білімді агроном, инженер мамандықтарын игереді. Өкініштісі, кейіннен бұл үш жігіт, әр түрлі аурулардан көз жұмады. Денсаулығына байланысты тағы да дүниеге бала әкеле алмайтынын білген балажан Аққағаз, менімен келіспей, жақындарымның Қапиза, Нағима деген қыздарын қарамағына алды. Қыздарға берген тәрбиесі мен білімі басқалар үшін үлгі болды. Бұнымен Аққағаз тоқтамады, менің үлкен ағамның 2 жасар ұлы Ануарбекті (1924 жылғы) ұлым Шахбазға серік болсын деп асырып алғаны туралы естелігінде бөліседі [3, 108 б.]. 1931 жылы Аққағаз күйеуімен Ташкенттен Алматыға көшеді. Астанада Аққағаз қалалық ауруханалардың бірінде жұмыс істейді. Қазақ даласында аштық белең алған кезде Аққағаз бар күшін адамдарды құтқаруға жұмсайды. Жан аямай еңбек етіп жүріп, денсаулығы нашарлаған соң, отбасы Шымкентке көшеді, сол жерде 1932 жылдың 29 қаңтарында А. Досжанова өмірден өтеді.

Бар болғаны 39 жыл ғана өмір сүрген Аққағаз Досжанованың өмірінің әр секунды туған халқына арналды.

А.Досжанованың тұлғасын қайта жаңғырту мақсатында көптеген зерттеулер мен мемлекеттік органдарға сұраныс-хаттар түсірудің арқасында тұңғыш дәрігердің еңбегі ақталып, есімі жария етіледі.

Аққағаз Досжанованың құрметіне 2016 жылы 17 маусым күні Ақтөбе қаласының орталығындағы көшелердің біріне қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш жоғары білімді дәрігер, қоғам қайраткері Аққағаз Досжанованың есімі берілді. Осы көше бойына орналасқан М.Оспаңов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің Студенттер кешені алдына Аққағаз Досжанованың ескерткіші орнатылды. Салтанатты жиынға Аққағаз Досжанованың ұрпақтары қатысты [5].

Аққағаз Досжанова — қазақ медицинасының алғашқы қарлығаштарының бірі, елінің болашағы үшін қажырлы еңбек еткен ұлы тұлға. Оның өмір жолы — тағдырдың қиындықтарына қарсы тұра отырып, білімге, мамандыққа және қоғамның игілігіне адалдықпен қызмет ету үлгісі. Аққағаздың жүрек жарды сөздері, оның адамгершілігі мен кәсіби біліктілігін айқын көрсетеді. Ол «Дәрігерлік — бұл тек мамандық емес, адамның жүрегіне жылы әсер ету, жан дүниесін түсіну» деген принциппен өмір сүрді. Адамдардың өміріне, денсаулығына жауапкершілікпен қарау, оларды қолдап, қажет кезде жәрдемдесу — оның басты ұстанымы болды. Азамат соғысы, аштық пен эпидемия замандары, жетім қалған балалар мен зардап шеккендер — осының бәрі Аққағаздың жүрегіндегі отты сөндірмей, қайрат көрсетіп, халқына қызмет етуге деген ұмтылысын күшейтті. Ол: «Менің мақсатым — халқымның денсаулығы, балаларымның бақытты болашағы» деген болатын. Бұл сөздер бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Аққағаз Досжанованың өмірі — арман мен шынайылықтың, күрес пен жеңістің, даналық пен жігердің символы. Оның даналығы мен мейірімділігі, өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі — әрбір қазақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Біз Аққағаз Досжанованы ұмытпай, оның ізімен жүруіміз керек, өйткені ол «Дәрігерлік — адамның өміріне сенім мен үміт сыйлау» деген қағиданы өз ісінде дәлелдеді. Аққағаз Досжанова — қазақтың маңдайына біткен бағы, мәңгілік үлгі, ұлттың рухы. Ол туралы айтқанда, оның жасаған игіліктері мен ұлағатты сөздері әрдайым жадымызда тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздыққызы Р. Қазақтың қайраткер қыздары. // Ақиқат журналы. - 1993 ж.
2. Қаңтарбаева Ж. Аққағаз Досжанова. - Алматы, 1974.
3. Қонбай Е., Әбденев А. Батыстан шыққан тұңғыш әйел дәрігер – Аққағаз Досжанова. // Шәкәрім университетінің хабаршысы. Тарих ғылымдары. / Ғылыми журнал. - №1 (1) 2024. 114-б.
4. Тайжанов А. Аққағаз Досжанова как врач и общественный деятель // Медицинский журнал Западного Казахстана. 2016. - №2(50). – С. 91– 95
5. Сәрсембина Б. Аққағаздың аманаты. // Жас алаш. - 2009. - 18 тамыз.

АЛАШ ИДЕЯСЫ – ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ИДЕЯСЫ

Сапархан Ә.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м. Мухатаева Г.А.

Қарағанды медицина университеті

saparkhan.abdigani@gmail.com

Қарағанды қ.

Алаш идеясы XX ғасырдың басындағы әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістер жағдайында ұлттық бірегейлікті қалыптастырған бірегей құбылыс. Бұл қозғалыс дәстүрлі институттар дағдарысы және отарлық жүйенің өсіп келе жатқан ықпалы кезеңінде қазақ халқының ұлттық құқықтары, бостандығы мен мәдени бірегейлігі үшін күрестің символына айналды.

«Алаш» қозғалысының тарихы мен идеологиясы мұқият зерттеуге лайық, өйткені олардың мұрасы мемлекет пен қоғамның дамуына әсер етуді жалғастыруда. «Алаш» қозғалысы XX ғасырдың басында Ресей империясының отаршылдық саясатынан туындаған қазақтардың дәстүрлі өмір салтының тез өзгеруіне жауап ретінде пайда болды.

Орыстандыруды күшейту, жерді экспроприациялау, сондай-ақ білім беру мен мәдениет саласындағы шектеулер қазақ зиялыларын шоғырландыруға итермелейтін негізгі факторларға айналды. Олардың қызметі ұлттық мүдделерді қорғауға, қоғамды жаңғыртуға және қазақ халқының өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасауға бағытталған. Қозғалыстың негізгі идеясы қазақтардың әлемдік жаңғыру процесіне бір мезгілде кірігуі кезінде ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау және дамыту қажеттілігі болды. «Алаш» көшбасшылары демократиялық институттарды енгізуді, ұлттық білім мен ғылымды дамытуды, сондай-ақ нарықтық қағидаттар негізінде экономикалық дамуды жақтады. Бұл идеялар 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бірінші жалпықазақ съезінде көтерілді. Осы съезде Алаш партиясының бағдарламасында көрініс тапты: I. Мемлекет қалпы. II. Жергілікті бостандық. III. Негізгі құқық. IV. Дін ісі. V. Сот және билігі. VI. Ел қорғау. VII. Салық. VIII. Жұмысшылар. IX. Ғылым білім үйрену. X. Жер мәселесі.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық саяси өміріне тікелей қатынасы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді. Олар: 1) Мемлекеттік басқару формасы. 2) Автономия құру мәселесі. 3) Жер мәселесі. 4) Халық милициясын құру. 5) Сот ісі. 6) Дін мәселесі. 7) «Алаш» саяси партиясын құрып, оның бағдарламасын жасау. 8) Құрылтай жиналысын шақыру. 9) Қытайдағы 83 мың қазақ босқындары туралы. 10) Жетісудың ашыққан халқына көмек. 11) Халық ағарту ісі. 12) Земство. 13) Әйел мәселесі. 14) Киев шаһарында болатын бүкіл Россия федералистерінің съездеріне хәм Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу.

Алаш партиясының бағдарламасында көрсетілген ел басқару жүйесі, жастардың білім алуы, ұрпақ тәрбиесі, ұлттар теңдігі азаматтардың құқығы мен бостандығы жөніндегі ұстанымдар тәуелсіз қазақ мемлекетінің саясатымен сабақтасып жатыр. Сол себепті Алаш көсемдерінің өмірінен өнеге, тірлігінен тағылым алып, Алаш мұратын ұлт мұраты ретінде тануымыз керек. Алаш партиясының бағдарламасы бойынша «Үкімет басында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума белгілі мерзімге сайлаған президент тұрады». XIX ғасырдың басында Президенттік басқарудағы мемлекеттердің әлемде санаулы болғандығын ескерсек, Алаш зиялыларының мемлекет басқару ісінде қаншама озық ойлы, тұрпатты, құқықтық мемлекет құрудың алғышарттарын жасағандықтарына көзіміз жетеді.

1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ съезі өтті. Бұл қажеттіліктен туындаған шара болатын. Бүкіл империя көлемін жайлаған берекесіздік жағдайында Ә.Бөкейханов бастаған бастаған топтық бұл съезді ұйымдастырып, өткізу әрекеті аса зор тарихи жауапкершілікті мойындарына алған нағыз отаншылдық ұстанымның үлгісі еді. Съезд қазақ қоғамында ерте замандардан қабылданған салт-дәстүр бойынша шақырылды. Ұйымдастырушы топ арнайы шақыруды ел ішіндегі беделді және белгілі деген адамдарға жіберді. 1917 жылғы қазақ қоғамы жағдайында жалпыұлттық жиынға өкілдер шақырудың басқа тиімді жолын ойлап табудың өзінде мүмкін емес-тін. Жалпы, мұндай бүкіл ұлттық құрылтайға барлық өңірлердегі елге танымал тұлғаларға хабар салып шақыру қазақ қоғамындағы ескі замандардан үзілмей келе жатқан дәстүр болатын. Ұлттық құрылтай Алаш автономиясын құру туралы шешім қабылдап, оның Алаш Орда аталатын үкіметін және төрағасын сайлады. Алаш Орда үкіметінің негізгі міндеті мемлекеттегі берекесіздік, анархия жайлаған жағдайда елді бүліншіліктен сақтау әрекеті еді. Автономия құру қазақтардың саяси субъективтілігін нығайту жолындағы маңызды қадам болды, дегенмен ол қойылған мақсаттарды толық жүзеге асырмады.

Алаш қайраткерлерінің облыстық, уездік съездер мен комитеттерді, жалпықазақ съездерін ұйымдастыруы, сол тұстағы Уақытша үкіметпен келіссөздері, бағдарлама дайындауы, қаулы қарарлар қабылдауы олардың қаншалықты энциклопедист, саяси өте сауатты қайраткерлер болғандықтарын көрсетеді.

«Алаш» идеяларының маңызды ерекшелігі дәстүрлі дүниетаным мен жаңғырту қағидаттарын синтездеуге ұмтылу болды. Қозғалыс жетекшілері жаһандық өзгерістер жағдайында өмір сүру үшін мәдени бірегейлікті сақтау қажет, бірақ сонымен бірге қазіргі шындыққа бейімделген білім беру, ғылым және басқару жүйелерін белсенді дамыту қажет екенін түсінді. Адам құқықтары, гендерлік теңдік, әлеуметтік әділеттілік және экономикалық прогресс мәселелеріне көп көңіл бөлінді. Бұл тәсілдер «Алаш» идеяларын XX ғасырдың басында ғана емес, Қазақстан тарихының кейінгі кезеңдерінде де өзекті етті. Қазақстан тарихындағы «Алаш» қозғалысының рөлі оның тікелей саяси және мәдени жетістіктерімен ғана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейлікке негіз болған зияткерлік дәстүрдің қалыптасуымен де айқындалады.

Кеңестік кезеңде қозғалыс қақатысушыларға қарсы жасалған қатыгез қуғын-сүргінге қарамастан, «Алаш» идеялары халық жадында сақталып, мәдени және ғылыми бастамаларда көрініс тапты. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін «Алаш» мұрасы қоғамды тарихи жолды қайта қарауға және стратегиялық бағдарларды қалыптастыруға шабыттандыра отырып, ұлттық дискурстың маңызды элементіне айналды.

«Алаш» идеяларының қазіргі маңызы олардың әмбебаптығы мен қазіргі заманғы сын-қатерлерді шешу үшін өзектілігінде жатыр. Жаһандану, көші-қонның күшеюі және мәдениетаралық өзара іс-қимыл жағдайында мәдени бірегейлікті сақтау және ұлттық бірегейлікті дамыту туралы идеялар ерекше маңызға ие болады. Сонымен қатар, «Алаш» қозғалысының кілті болған демократияландыру және жаңғырту идеялары бүгінде мемлекеттік басқару реформаларында, білім беру бастамаларында және азаматтық қоғамның дамуында көрініс табады. «Алаш» қозғалысының мұрасы тұрақты экономика мен үйлесімді қоғам құру тұрғысынан да өзекті. Қозғалысқа қатысушылар жариялаған әлеуметтік әділеттілік, теңдік және адамның қадір-қасиетін құрметтеу принциптері қазіргі заманғы мемлекеттік саясатты әзірлеуге негіз болады.

Бұл тұрғыда «Алаш» тарихи құбылыс ретінде ғана емес, мемлекеттілікті нығайтуға, мәдени дәстүрлерді сақтауға және өмірдің жоғары стандарттарына қолжеткізуге ұмтылатын жаңа ұрпақ үшін шабыттандырушы үлгі ретінде қабылданады. Осылайша, «Алаш» идеялары тарихи тәжірибе мен заманауи ұмтылыстарды біріктіре отырып, Қазақстан үшін маңызды бағдар болып қала береді. Оларды зерттеу және танымал ету ұлттық бірегейлікті нығайтуға ғана емес, сонымен қатар елдің болашағы туралы диалог алаңын құруға ықпал етеді. «Алаштың» тарихи маңыздылығы - ол трансформация кезеңдерін бастан өткеріп жатқан ұлттар мен мемлекеттерді шабыттандырады және дәстүрлер мен модернизацияны қалай біріктіруге болатынын көрсетеді. «Алаш» қозғалысының идеяларында көрініс тапқан дәстүрлі дүниетаным мен жаңғырту қағидаттарының синтезі осы тарихи құбылысты бірегей ететін негізгі белгілердің бірі болып табылады. Бұл тәсіл қозғалыс көшбасшыларына қазақ қоғамының тарихи және мәдени ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне бейімделу стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Өзгерістер қажеттілігіне қатысты прагматизммен ұштасқан дәстүрлердің құндылығын терең түсіну «Алашқа» оның идеяларының тұрақтылығы мен өзектілігін қамтамасыз етті.

Қазақ қоғамының дәстүрлі дүниетанымы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін нормалар мен құндылықтарға, соның ішінде үлкендерді құрметтеуге, ұжымшылдыққа, әдеттегі құқыққа берілгендікке және табиғатпен үйлесімділікке негізделген. «Алаш» көшбасшылары бұл элементтер халықтың бірегейлігінің негізі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени бірлікті құрудың маңызды ресурсы екенін түсінді. Сонымен бірге, олар отарлық саясатқа сәтті қарсы тұру үшін. Синтез, ең алдымен, мемлекеттік басқарудың, білім берудің және экономиканың еуропалық қағидаттарына негізделген жаңғырту реформаларын енгізе отырып, қазақ халқының мәдени өзегін сақтау мақсатында көрініс тапты. Мысалы, қозғалыс қызметінің негізгі бағыттарының бірі зайырлы пәндерді енгізуді ғана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейліктің негізі ретінде тілді, әдебиетті және тарихты сақтауды көздейтін білім беру жүйесін дамыту болды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының түпкі мүддесі бір болғанымен, сол жолдарға жетелейтін бағыттары әр түрлі болуы табиғи заңдылық. Алаш қозғалысының табиғатын тура түсіну үшін қозғалыстың неден басталғандығына көңіл аударған жөн. Алаш қозғалысы алдымен ағартушылық қызметтен басталды. Қазақ ағартушылығының толыққанды қоғамдық құбылыс ретінде көрінуі XX ғасырдың бас кезінде Алаш зиялыларының қызметімен бір уақытта келген еді. Бұқара халыққа «Оян, қазақ!», «Маса» немесе «Қа-траңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» деп ұран тастаған қазақ зиялылары 1916 жылғы маусым жарлығына дейін негізінен оқу ағарту ісімен айналысып, патша үкіметінің отарлық саясатына қарсылық танытумен болды. Бұл істің басында тұңғыш бұқаралық сипатта, ұлттық либералдық бағытта ұйымдас-тырыл-ған «Қазақ» газетінің төңіре-гіне халықтың зиялы өкілдерін топтастырып, ұлттық саяси ұйым құру жолдарын іздестіре бастаған жас қазақ интел-лигенциясының дем берушілері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты қазақ ұлтының озық ойлы өкілдері тұрған еді. Сонымен бірге 1911-1915 жылдары шығарылған «Айқап» журналы, қазақ кітаптарының жарық көруі және басқа атқарылған істер де осы тұжырымға негіз бола алады [1, 246 б]. Қозғалыс көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» - деген. Ахмет Байтұрсынов қазақ әліпбиін реформалау, оны латын әліпбиіне көшіру бойынша белсенді жұмыс жасады, бұл жазуды қолжетімді етуге мүмкіндік берді және әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасуға ықпал етті. Бұл дәстүрлі тіл мәдениеті мен білім берудегі модернистік көзқарастың сәтті үйлесімінің мысалы болды. Модернизация принциптері саяси салада да көрінді. «Алаш» қозғалысы қоғамның демократиялық құрылымы, адам құқығы, теңдік пен бостандық идеяларын алға тартты. Сонымен бірге, бұл принциптер дәстүрлі дүниетанымға үйлесімді түрде сәйкес келді, онда ұжымдық шешімдер мен ақсақалдардың пікірін құрметтеу маңызды рөл атқарды. Осылайша, Алаш-Орда автономиясын құру қоғамдық басқару дәстүрлеріне негізделді, бірақ сонымен бірге парламенттік демократия элементтерін қамтыды, бұл екі жүйенің де ең жақсы жақтарын біріктіруге деген ұмтылысты көрсетеді. Қозғалыстың экономикалық бағдарламасы сондай-ақ дәстүрлі және жаңа синтезді көрсетті. «Алаш» көшбасшылары нарықтық экономикаға бейімделудің маңыздылығын сезінді, алайда олардың тәсілдері қазақтың көшпелі мәдениетіне сәйкес келетін қауымдық жер иелену мен табиғи ресурстарды сақтаумен тығыз байланысты болды. Осы тұрғыда жаңғырту идеялары шаруашылық жүргізудің дәстүрлі нысандарын құрметтеуге негізделді, бұл әлеуметтік күйзелістерді азайтуға және қоғамда тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік берді. Діни аспект үйлесімді синтездеудің үлгісі болды. Ислам қазақ халқының мәдени бірегейлігінің маңызды бөлігі болғанына қарамастан, қозғалыс көшбасшылары оның жаңғыртылып келе жатқан қоғам жағдайына бейімделуін қолдайды. Олар діннен әлеуметтік бірлікті қолдайтын адамгершілік құндылықтардың көзін көрді, бірақ оның мемлекеттік басқару мен білім беруге ықпалын шектеуді қажет деп санады.

Таптық принциптерді емес, тұтастық идеяларын, төңкеріс жолын емес, реформа жолын таңдап алған Алашорда үкіметі Совет үкіметі мен большевиктер идеяларын қабылдамады. Алайда, адам факторын екінші қатарға қойып, біржақты революциялық идея жолын таңдаған большевиктерге алашордалықтардың мұндай саясаты түсініксіз еді.

Алғашқы кезеңде Ресей Думасына қатысып, саяси тәжірибе жинақтаған қазақ зиялылары негізінен, қазақ қауымы үшін өмірлік маңызды үш мәселеге көңіл аударады. Ол «автономиялық тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» (А.Байтұрсынов, М.Дулатов) немесе «демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасы құрамындағы қазақтың ұлттық территориялық автономиясы болу» (Ә.Бөкейханов), екіншіден, халық меншігіндегі жерді жеке меншікке бермеу (бұл тұрғыда Ә.Бөкейханов «біздің қазақ жерді меншік қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді» деп үзілді-кесілді қарсы болған) және дінді мемлекеттен бөлу (себебі, «молда хукіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ-асты болмақ. Жалование алған молдалар хукіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, хукімет ісінен бөліп қойған оң болады») деген [2, 110 б].

«Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені, Алаш-халқымыздың бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау қаракеті. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі. Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Тұңғыш Президент Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында тоқталып кетеді: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қоғам қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» [3, 204 б]. Алаш қайраткерлері қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көптен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті, сол жолда күресті.

Әлихан Бөкейхан Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құру идеясы қазақтың ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, халықтың сана-сезімін оята жүріп, бодандық құрсауын бұзып шығуға болатынын көрсетті. Жемісін Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті көрді. Бүгінгі билік сол идеяны мойындамаса да, Әлиханды ұлт көсемі ретінде тани алмаса да, Алаш көсемінің құрған мемлекетінде өмір сүріп отыр. Ұлы «Орыс идеясы» іспетті ұлттың саналық рухани болмысын анықтайтын «Алаш идеясы» қазақ топырағында қалыптасты. Өркенін жайды. Ұлттық идея негізінен XX ғасырдың басында әлемдегі, Ресейдегі геосаяси жағдайдың өзгеруімен жүзеге асқанымен, оның әлеуметтік, саяси, рухани тамыры ғасырлар тереңінен бастау алғанын ұмытпаған абзал [4].

Осылайша, «Алаш» қозғалысы ұсынған дәстүрлі дүниетаным мен жаңғырту қағидаттарының синтезі жаһандық өзгерістер жағдайында қазақ халқының өзіндік ерекшелігін сақтауға бағытталған стратегияға айналды. Бұл тәсіл мәдени ассимиляция мен әлеуметтік сын-қатерлерге қарсы тұруға ғана мүмкіндік беріп қоймай, Қазақстанның қазіргі заманғы және өзіндік мемлекет ретінде одан әрі дамуына негіз қалады. «Алаш» мұрасы өткені мен бүгінгі үйлесімді біріктіру табысты болашақтың кілті болып табылатынын еске салады. Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстанымдардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
3. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында: ғылыми басылым / Н. Ә. Назарбаев. - Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б.
4. Алаш идеясы – ұлттық бірігу концепциясы [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://e-history.kz/kz/news/show/3485>

ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ ЖӘНЕ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

Сакенов С.Е., Мұхамедуали А.С.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы, Еришева Т.А.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

tolkyn_08.03.1987@mail.ru

Қостанай қ.